

Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 13 шілде N 966 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.31. N 1158 қаулысымен

Отандық тауар өндірушілерді қорғау мемлекеттік қаражатты ұтымды және тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік мекемелер - республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, тиісті бюджеттерді бекіткеннен немесе нақтыланғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттердің көрсеткіштері негізінде қалыптастырылған сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің жоспарланып отырған номенклатурасы мен көлемі туралы деректерді ұсынсын.

2. Мемлекеттік мекемелер:

1) конкурсты дайындау кезінде конкурстық құжаттамада отандық әлеуетті берушілерге, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне басымдық беруді көзделсін, сондай-ақ елде сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) бәсекелесті рыногы болған жағдайда, біліктілік талаптарын қалыптастыру кезінде тек отандық әлеуетті берушілермен ғана шектелсін;

1)-1 заңнамада белгіленген тәртіппен жөңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау кезінде екі немесе бірнеше конкурстық өтінімнің жиынтық шартты бағалары тең болған жағдайда отандық ықтимал өнім беруші - тауар өндірушінің конкурстық өтініміне басымдық берсін;

2) тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне мемлекеттік сатып алулар туралы шарттарда көзделген өзінің міндеттемесін орындамаған және (немесе) тиісті түрде орындамаған өнім берушілер туралы мәлімет ұсынсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен .

3. Мемлекеттік органдарға штат санының шегінде мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты тиісті бөлімшелер құру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын органдар тиісті республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға сатып алуларды мемлекеттік сатып алулар туралы заңдарда белгіленген рәсімдерге сәйкес жүзеге асыруды ұсынсын.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне заңдарда белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгендей шараларды қабылдау ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 9 ж ы л ғ ы
1 3 ш і л д е д е г і
N 9 6 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

мемлекеттік мекеме - бағдарламаның әкімшісінің атауы

199 жылға арналған тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге қажеттіліктің жоспарланатын жиынтық номенклатурасы

Ерекше лік коды	Тауарлар. дың, жұмыс. тардың және қызмет көрсету. лердің атауы	Қысқаша сипатты (тауар. лардың, жұмыстар. дың және қызмет көр.	Өлшем бірлігі	Қажет. тілік. тің көлемі	Өлшем бірлігі (үшін баға (саны)	Жалпы сомасы (мың теңге) (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
таблицаның жалғасы						
	Мемлекеттік сатып алу. ларды жүзеге асырудың таңдап алын. ған тәсілі		Конкурсты өткізудің жоспарлан. ған уақыты (айы)		Тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің мерзімдері (айы)	

Ескертпе: 1) 7-бағанда қорытындылар әр ерекшелік және тұтас алған алғанда бүкіл номенклатура бойынша шығарылады.

2) 2 бағандағы 161-ерекшелік бойынша бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы көрсетілсін.

Басшысының аты-жөні, қолы
Орындаушының аты-жөні, лауазымы, телефоны Толтырылған күні